

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 1 беті

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: «Калыпты жүйке жүйесі және сезу мен көру мүшелері»

Пән коды: КТКАТ 2212

БББ атауы: 6В10117 «Стоматология»

Оқу сағаттарының / кредиттердің көлемі: 180 сағат/6 кредит

Оқытылатын курс пен семестр: II- курс, III-семестр

Студенттердің өзіндік жұмысы: 12 сағат

Тапсырма №1

1. Тақырыбы: Жұлын нервтерінің түзілуі. Мойын және иық өрімдері.

2. Мақсаты: Жұлын-ми нервтерінің құрылысын, өрімдерінің түзілуін оқыту.

3. Тапсырма:

1. Жұлын нервтерінің құрылысын және өрімдерінің түзілуін білу.
2. Өрімдердің тармақтарын, олардың нервтендіру аймақтарын, құрылысын, топографиясын білу.

4. Орындау/бағалау түрі:

-«Пирогов» столында анатомиялық препаратты сипаттау/бағалау парағы

-презентация/ бағалау парағы

-тәжірибелік дағдыларды игеруін бағалау/ бағалау парағы

-Нервтердің жүру жолдары және нервтендіру аймақтары/ сызбасын сызу

Бағалау әдістері силлабуста Бағалау критерийлері. 10 пунктта көрсетілген

5. Орындау критерийлері:

Білім алушының алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек.

Тапсырманы орындау барысында:

-Тақырыпты өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;

-Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет;

-Тапсырма жеке дайындалуы қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 1 – апта.

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтары, тест, есептер):

1. Жұлынның алдыңғы, артқы және бүйір мүйіздерінде қандай ядроларды бөледі?
2. Жұлынның алдыңғы, артқы және бүйір жіпшелерінде қандай өткізгіш жолдар өтеді?
3. Нервтердің өрімдерін қалай атайды? өрімдер қалай пайда болады?
4. Мойын өрімінің және аймағының нервтерін атаңыз, олар қай жерде тармақталады?
5. Иық өрімінің сабауларын және шоғырларын атаңыз. Оның әрқайсысының орналасуы қай жерде?
6. Иық өрімінің қысқа тармақтарын атаңыз. Оның әрқайсысының нервтендіреді?
7. Иық терісіне және білек терісіне тармақталатын нервтерін атаңыз. Қол терісін нервтендіруге қандай нервтер қатысады? Бұл нервтердің қайсысы саусақтарды нервтендіреді?
8. Білекте қандай бұлшықеттер және қол ұшында ортаңғы нерв нервтендіреді?
9. Білекте қандай бұлшықеттер және қол ұшында шынтақ нерв нервтендіреді?
10. Кәрі жіліктен теріге жоғарғы иық бұлшықетіне шығатын тармақтарын атаңыз?
11. Қабырғаларға қатысты қабырға аралық нервтердің орналасуы қай жерде? Бұл нервтердің орналасуы қай жерде?
12. Бел өрімдеріне анықтама беріңіз. Бұл өрімнің тармақтары қандай нервтер болып табылады?
13. Жамбас қуысынан жапқыш және сан нервтерінің қай тесігінен шығады?
14. Сан нервтің тармақтарын және олардың таралу аймақтарын атаңыз?
15. Сегізкөз өрімдерінің қалыптасуына қандай нервтер қатысады? Бұл өрімдер қай жерде орналасады.
16. Сегізкөз өрімдерінің қысқа тармақтарын атаңыз. Нервтердің әрқайсысы қай жерде тармақталады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 3 беті

17. Сан аймағында шоданай нервсінен шығатын тармақтарын атаңыз. Бұл тармақтар қай жерге бағытталады?
18. Сан және сирақ терісіне тармақталатын нервтерін атаңыз. Аяқ ұшы терісін нервтендіруге қандай нерв қатысады?
19. Сирақ және аяқ ұшы бұлшықеттерін асық жілік және жалпы кіші жілік өзінің тармақтарымен нервтендіреді?

Тапсырма №2

1. Тақырыбы: Вегетативті жүйке жүйесі.

2. Мақсаты: Вегетативті нерв жүйесінің құрылыс ерекшеліктерін білу.

3. Тапсырма:

1. Вегетативті нерв жүйесіне сипаттама беру.
2. Вегетативті нерв жүйесінің симпатикалық бөлімі.
3. Вегетативті нерв жүйесінің парасимпатикалық бөлімі.

4. Орындау/бағалау түрі:

-«Пирогов» столында анатомиялық препаратты сипаттау/бағалау парағы

-презентация/ бағалау парағы

-тәжірибелік дағдыларды игеруін бағалау/ бағалау парағы

-Нервтердің жүру жолдары және нервтендіру аймақтары/ сызбасын сызу

Бағалау әдістері силлабуста Бағалау критерийлері. 10 пунктта көрсетілген

5. Орындау критерийлері:

Білім алушының алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек.

Тапсырманы орындау барысында:

-Тақырыпты өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;

-Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет;

-Тапсырма жеке дайындалуы қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 2- апта

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):

1. Вегетативті нерв жүйесінің бөлімдері.
2. Парасимпатикалық жүйенің бөлімдері.
3. Симпатикалық сабаудың түйіндері, бөлімдері, нервтендіру аймақтары.

Тапсырма №3

1. Тақырыбы: Үшкіл нерв (V жұп). Беттік нерв (VII жұп).

2. Мақсаты: V, VII, IX, X, XI, XII жұп бас-ми нервтерінің құрылысын, топографиясын, қызметін және нервтендіру аймақтарын оқыту.

3. Тапсырма:

1. V, VII, IX, X, XI, XII жұп бас-ми нервтерінің құрылысын, топографиясын, қызметін және нервтендіру аймақтарын білу.

4. Орындау/бағалау түрі:

-«Пирогов» столында анатомиялық препаратты сипаттау/бағалау парағы

-презентация/ бағалау парағы

-Нервтердің жүру жолдары және нервтендіру аймақтары/ сызбасын сызу

Бағалау әдістері силлабуста Бағалау критерийлері. 10 пунктта көрсетілген

5. БӨЖ орындау критерийлері:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 4 беті

Білім алушының алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек.

Тапсырманы орындау барысында:

- Тақырыпты өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет;
- Тапсырма жеке дайындалуы қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 3- апта

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):

1. V, VII, IX, X, XI, XII жұп бас-ми нервтерінің ядролары.
2. Бас миынан шығатын жері.
3. Бассүйектен шығатын жері
4. V, VII, IX, X, XI, XII жұп бас-ми нервтерінің тармақтары мен нервтендіру аймақтары.

Тапсырма №4

1.Тақырыбы: Аралық бақылау – I.

2. Мақсаты: Өтілген дәріс, тәжірибелік сабақ, ОБӨЖ және БӨЖ тақырыптарын нақтылау.

3. Тапсырмалар: Өтілген тақырыптар бойынша негізгі сұрақтар.

4.Орындау/бағалау түрі:

Өтілген тақырыптар бойынша анатомиялық препараттарды, муляждарды, планшеттерді, плакаттарды қолдану арқылы ауызша сұрау

Бағалау әдістері силлабуста Бағалау критерийлері. 10 пунктта көрсетілген

5. Орындау критерилері:

Тапсырманы орындау барысында:

- Тақырыптарды өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 4– апта.

7.Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):

Есептер:

1. Бала 9 айлық, бойы 71 см, дене салмағы 9150,0г. Туылғандағы дене салмағы 3100,0г, бойы 50 см, 3 жүктіліктен (1 жүктілік медициналық абортпен, екіншісі түсікпен аяқталды), тез босанудан, Апгар шкаласы бойынша 7 балл көрсеткіштерімен туылған.

Қазіргі уақытта ол жеке буындарды айтады, оларды әртүрлі интонациямен қайталайды, жақындарын біледі және үлкендердің сұрауы бойынша қарапайым: «маған қалам бер», «қош бол» тапсырмаларын орындайды. Еңбектемейді.

Сұрақтар:

Анатомия: Мишықтың құрылысы.

Гистология: Мишықтың гистопрепараты.

Физиология: Мишықтың негізгі функциялары.

Биохимия: Жұлын сұйықтығының құрамы.

СД: Мишықтың КТ-сы.

2. Бала 2 жаста. Ересек адамның көмегі арқылы жартылай киініп, шешінуге қабілетті, горшокты қолдануды біледі. Суретке қараған кезде ересектердің сұрақтарына жауап

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 5 беті

береді, жеке сөздерді, кейде екі сөзден тұратын сөйлемдерді қолданады. Шапшаң, қадамдарды кезектестіру арқылы кедергілерді жеңеді. Еденнен 15 см биіктікте ені 15-20 см беткейде (баспалдақтарда) жүре алады. Ойын барысында ол логикалық байланысқан бірқатар әрекеттерді жаңғыртады. Көлемі әртүрлі үш затты ажыратады. Түстерді ажыратпайды.

Сұрақтар:

Анатомия: Балалардағы үлкен ми сыңарларының анатомиялық құрылысының ерекшеліктері, топографиясы.

Гистология: Үлкен ми сыңарларының гистологиялық құрылымы.

Физиология: Үлкен ми сыңарларының негізгі физиологиялық қызметтері.

Биохимия: Жұлын сұйықтығының құрамы.

СД: ЭЭГ

3. Науқас бала 14 жаста. Менингит (ми мен жұлынның қабықшаларының қабынуы) болжам диагнозымен жұқпалы аурулар ауруханасына түсті. Диагнозды нақтылау үшін жұлын (цереброспинальды) сұйықтығын зерттеу қажет.

Сұрақтар:

Анатомия: Жұлынның анатомиясы.

Гистология: Жұлын препаратының гистологиялық құрылымы.

Физиология: Жұлынның негізгі қызметтері.

Биохимия: Жұлын сұйықтығының химиялық құрамы.

СД: Менингитті анықтаудың аспаптық зерттеулері.

4. Науқас А., 45 жаста, бел аймағындағы ауру сезіміне, дене қалпын өзгерту кезінде күшейетініне шағымданды, бел-сегізкөз радикулиті (тиісті жұлын- ми нервтерінің түбірлерінің зақымдануы) диагнозы қойылды.

Сұрақтар:

Анатомия: Жұлын- ми нерв өрімдерінің түзілуін сипаттаңыз. (Бел- сегізкөз)

Гистология: Жұлынның микропрепараттарын сипаттаңыз

Физиологиясы: Жұлын түйіндерінің қызметі

Биохимия: Жұлын сұйықтығын зерттеу

Сәулелі диагностика: Жұлынды зерттеудің радиациялық әдісі

5. Науқас К., 30 жаста, емханаға есту қабілетінің бұзылуына, галлюцинацияға (тиісті сыртқы тітіркендіргіштердің жоқ болғанына қарамастан жалған қабылдаулар) және вестибулярлық бұзылыстарға шағымданып келді. Зерттеулер нәтижесінде төртінші қарыншаның түбінде (ромб тәрізді шұңқыр) ісік анықталды.

Сұрақтар:

Анатомия: Мидың төртінші қарыншасының түбінің құрылысының ерекшеліктері (ромб тәрізді шұңқыр)

Гистология: Мидың микропрепараттарын сипаттаңыз

Физиологиясы: Ми қарыншаларының функционалдық мәндері

Биохимия: Мидың метаболизмі

Сәулелі диагностика: Миды зерттеуге арналған- сәулелі зерттеу әдістерінің ішіндегі ең кең тараған әдісі.

6. Науқас 35 жаста К., дәрігерге келді. Науқасты қарап тексергенде тепе-теңдіктің бұзылуы, қозғалыс координациясының бұзылуы, бұлшықет тонусының төмендеуі анықталды.

Бұл клиникалық көрініс қандай жолдардың зақымдалуына тән? Есепті шешуге арналған сұхбат:Өткізгіш жолдардың классификациясы. Мишықтық бағытта проприоцептивтік сезімталдықтың өткізгіш жолдары.

Сұрақтар:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 6 беті

Анатомия: Мидың қозғалыстарды үйлестіруге (координация) жауапты ми бөлігінің құрылымын сипаттаңыз? (мишық)

Гистология: Мишық микропрепаратына сипаттама беріңіз

Физиологиясы: мишықтың орталық жүйке жүйесінің басқа құрылымдарымен байланысы (афферентті, эфферентті жолдар)

Биохимия: Қанды стерильділікке талдау не үшін жүргізіледі?

Сәулелі диагностика: Мишықтың сәулелі диагностикалық зерттеу әдістері

7. 49 жастағы С.есімді науқас, есте сақтау қабілетінің бұзылуына, жиі бас ауруына, тез шаршағыштыққа, жүрек соғысының жиілеуі шағымдарымен учаскелік дәрігерге қаралды. Науқас гипертонияның 2 сатысы (артериялық гипертензия) диагнозымен диспансерлік есепте тұрады. Дәрігер науқасты: невроз, астеновегетативті синдром, 2 дәрежелі гипертония болжамды диагноздарымен невропатологқа жіберді.

Сұрақтар:

Анатомия: орталық жүйке миының құрылымы (вазомоторлы орталық)

Гистология: ми қабаттарын сипаттайды,

Физиологиясы: сопақша мидың қызметі (вазомоторлы орталық)

Биохимия: адреналин мен ацетилхолиннің алмасуы

Көрнекі диагностика: энцефалография

8. 33 жастағы С.есімді науқас, невропатологқа тыныштық кезіндегі қолдарының дірілдеуіне және қобалжу кезіндегі дірілдің күшеюіне және қолжазбасының (почерк) бұзылуына шағымданып келді. Бір жылдай ауырып жүр. Соңғы айда бұл белгілер күшейіп, тұрақты сипатқа ие болды. Алдын ала диагноз қойылды: Паркинсон ауруы.

Сұрақтар:

Анатомия: ортаңғы мидың құрылысы

Гистология: мидың микроскопиялық құрылымы

Физиологиясы: ортаңғы мидың қызметі

Биохимия: адреналин мен ацетилхолиннің алмасуы

Көрнекі диагностика: энцефалография

9. Науқас Б. 14 жаста, жұқпалы аурулар емханасына менингит (бас миы және жұлын қабықтарының қабынуы) болжам диагнозымен келіп түсті. Диагнозды нақтылау үшін жұлын сұйықтығын зерттеу қажет

Сұрақтар:

Анатомия: Тамырлы қабықтың пункциясын қай деңгейде жасау қажет?

Физиология: Жұлынның қызметін сипаттаңыз

Гистология: Жұлынның гистологиялық препаратын сипаттаңыз.

Биохимия: Қалыптыдағы жұлын сұйықтығының химиялық құрамын сипаттаңыз.

Сәулелі диагностика: Сәулелі зерттеу тәсілдерін сипаттаңыз.

10. Бас миының негізінде компьютерлі томография нәтижесінде белгісіз түзілім анықталды. Негізгі клиникалық белгілерінің бірі екі көз алмасының да латеральды көру аймақтарының зақымдалуы.

Сұрақтар:

Анатомия: Бас миының зақымдалған аймағының өткізгіш жолдарына сипаттама беріңіз.

Физиология: Көру өрісін анықтаңыз.

Гистология: Гистологиялық препаратты сипаттаңыз.

Биохимия: Көзішілік сұйықтықтың биохимиялық құрамы.

Сәулелі диагностика: КТ кесінділерін анықтаңыз және бас миының сәулелі анатомиясын сипаттаңыз.

11. Аудандық ауруханаға 47 жастағы ер кісі шүйде аймағындағы ауырсынуға және сөйлеудің қиындауына шағымданып келді. Шағымдар бір күн алдын мұзға құлағаннан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 7 беті

кейін басталған. Артқа қарай құлап, басының артқы жағын мұзға соғып алған. Шүйде аймағын пальпациялау барысында, басты кимылдату кезінде ауырсыну анықталды, тілін шығару кезінде оңға ығысады, сол жақ жартысы мыжылған, тіл бұлшықеттерінің фибриллярлы дірілі байқалады. Дәрігер бас сүйегі негізінің және сол жақ тіласты нервiнiң зақымдалуы деп болжады.

Сұрақтар:

Анатомия: Тіласты нервiнiң бас миы негізінен және бас сүйектен шығу жерлері.

Физиология: Бас миы шүйде аймағының қызметі.

Гистология: Мишық қыртысының және қабықтарының гистологиялық сипаттамасы.

Биохимия: Нерв тінінің биохимиясы және биологиялық қызметі.

Сәулелі диагностика: Науқасқа қандай инструментальды тексеру жүргізу қажет?

12. Дәрігер науқаста сенсорлық афазия белгілерін анықтады, яғни науқас дыбыстарды естиді, бірақ сөздерді түсіну қабілетін жоғалтты.

Сұрақтар:

Анатомия: патологиялық ошақтың қай жерде екенін анықтаңыз. Мидың иірімдері мен жүлгелерін атаңыз.

Физиология: жаңа қыртыс, оның орталықтары

Гистология: ми қыртысының гистопрепаратын сипаттаңыз

Биохимия: дыбысты қайта өндірушілерді сипаттаңыз

Сәулелік диагностика:

13. 50 жастағы науқас шүйде сүйек аймағында жабық ми жарақатымен ауруханаға жатқызылды. Тексеру кезінде: жүру мен тепе-теңдіктің бұзылуы, қолдың дірілі анықталды.

Сұрақтар:

Анатомия: мидың қай бөлігі зақымдалған? Зақымдалған құрылымды сипаттаңыз

Физиология: мишықтың қызметі

Гистология: мишықтың гистопрепаратын сипаттаңыз

Биохимия: табиғаты пептидтік нейромедиаторлардың биологиялық маңызы (ацетилхолин, гистамин, серотонин, ГАМК)

Сәулелік диагностика:

14. Науқас церебральды қанайналым бұзылғаннан кейін әріптер мен сандарды жазу қабілетін жоғалтты.

Сұрақтар:

Анатомия: патология мидың қай бөлігінде пайда болды? Мидың маңдай бөлігінің жүлгелері мен иірімдерін атаңыз

Физиология: ми қыртыстары

Гистология: ми қыртысының гистопрепаратын сипаттаңыз

Биохимия: нейрондардағы зат алмасудың негіздері

Тапсырма №5

1. **Тақырыбы:** Нерв жүйесінің өткізгіш жолдарына жалпы шолу.

2. **Мақсаты:** Нерв жүйесінің өткізгіш жолдарының проекциясы оқу.

3. **Тапсырма:** Афферентті және эфферентті жолдары және оның нейрондарының құрылысын, топографиясын, қызметін білу.

4. **Орындау/бағалау түрі:**

-«Пирогов» столында анатомиялық препаратты сипаттау/бағалау парағы

-презентация/ бағалау парағы

-тәжірибелік дағдыларды игеруін бағалау/ бағалау парағы

-Нервтердің жүру жолдары және нервтендіру аймақтары/ сызбасын сызу

QO'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 8 беті

Бағалау әдістері силлабуста Бағалау критерийлері. 10 пунктта көрсетілген

5. Орындау критерийлері:

Білім алушының алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек.

Тапсырманы орындау барысында:

- Тақырыпты өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет;
- Тапсырма жеке дайындалуы қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 5- апта

7. Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):

1. Рефлекс доғасы, құрам бөліктері.
2. Қарапайым және күрделі рефлекс доғасы.
3. Аfferентті өткізгіш жолдар.
4. Эfferентті өткізгіш жолдар.
5. Ішкі қапсуладан өтетін өткізгіш жолдарын еске түсіріңіз?

Тапсырма №6

1.Тақырыбы: Аралық бақылау – II.

2. Мақсаты: Өтілген дәріс, тәжірибелік сабақ, ОБӨЖ және БӨЖ тақырыптарын нақтылау.

3. Тапсырмалар: Өтілген тақырыптар бойынша негізгі сұрақтар.

4.Орындау/бағалау түрі:

Өтілген тақырыптар бойынша анатомиялық препараттарды, муляждарды, планшеттерді, плакаттарды қолдану арқылы ауызша сұрау

Бағалау әдістері силлабуста Бағалау критерийлері. 10 пунктта көрсетілген

5. Орындау критерийлері:

Тапсырманы орындау барысында:

- Тақырыптарды өз бетінше оқу, қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесу;
- Білім алушылар тапсырманы орындау барысында негізгі және қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды пайдалану қажет.

6. Тапсыру мерзімі: 6– апта.

7.Әдебиет:

Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген

8. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):

Есептер:

1. Науқасты қарап тексергенде тепе-теңдіктің бұзылуы, қозғалыс координациясының бұзылуы, бұлшықет тонусының төмендеуі анықталды.

Анатомия: Мишықтың құрамды бөліктерін сипаттаңыз

Физиология: Ромберг сынағасын жүргізіңіз

Гистология: Құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Мишықтағы осы процесстердің байланысын түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз.

2. Науқас есте сақтау қабілетінің бұзылуына, жиі бас ауруына, тез шаршағыштыққа, жүрек соғысының жиілеуі шағымдарымен учаскелік дәрігерге қаралды. Науқас гипертонияның 2 сатысы (артериялық гипертензия) диагнозымен диспансерлік есепте

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 9 беті

тұрады. Дәрігер науқасты: невроз, астеновегетативті синдром, 2 дәрежелі гипертония болжамды диагноздарымен невропатологқа жіберді. Мидың қай бөлігі зақымдалған?

Анатомия: Сопақша мидың сыртқы құрылысын көрсетіңіз.

Физиология: Сопақша мидағы маңызды орталықтарды атаңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз

Биохимия: Биогенді аминдер түзілу реакциясын жазыңыз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

3. Науқас невропатологқа тыныштық кезіндегі қолдарының дірілдеуіне және қобалжу кезіндегі дірілдің күшеюіне және қолжазбасының (почерк) бұзылуына шағымданып келді. Бір жылдай ауырып жүр. Соңғы айда бұл белгілер күшейіп, тұрақты сипатқа ие болды. Мидың қандай бөліктері зақымдалған?

Анатомия: Ортаңғы мидың құрамды бөлімін сипаттаңыз

Физиология: Ортаңғы ми қандай қозғалыс рефлексдерін қамтамасыз ететінін айтыңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Глю-6-фосфаттың түзілу реакциясын жазыңыз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

4. Жұқпалы аурулар емханасына менингит (бас миы және жұлын қабықтарының қабынуы) болжам диагнозымен келіп түсті. Диагнозды нақтылау үшін жұлын сұйықтығын зерттеу қажет. Тамырлы қабықтың пункциясын қай деңгейде жасау қажет?

Анатомия: Жұлынның топографиясын сипаттаңыз

Физиология: Табан рефлексінің (Бабинский рефлексі) жүргізу әдісін сипаттаңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Қалыпты жағдайдағы ликвордың көрсеткіштерін жазыңыз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

5. Бас миының негізінде компьютерлі томография нәтижесінде белгісіз түзілім анықталды. Негізгі клиникалық белгілерінің бірі екі көз алмасының да латеральды көру аймақтарының зақымдалуы.

Анатомия: Көз алмасының құрылысын сипаттаңыз.

Физиология: Көру аймағын анықтау әдісін сипаттаңыз

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Жарықты қабылдауда А витаминінің биологиялық рөлін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Берілген зерттеу (рентген) әдісіне пациентті қалыпқа жатқызды

6. Аудандық ауруханаға 47 жастағы ер кісі шүйде аймағындағы ауырсынуға және сөйлеудің қиындауына шағымданып келді. Шағымдар бір күн алдын мұзға құлағаннан кейін басталған. Артқа қарай құлап, басының артқы жағын мұзға соғып алған. Шүйде аймағын пальпациялау барысында, басты қимылдату кезінде ауырсыну анықталды, тілін шығару кезінде оңға ығысады, сол жақ жартысы мыжылған, тіл бұлшықеттерінің фибриллярлы дірілі байқалады. Дәрігер бас сүйегі негізінің және сол жақ тіласты нервтің зақымдалуы деп болжады.

Анатомия: Тіласты нервтің бас миы негізінен шығатын жерінің құрылымын сипаттаңыз

Физиология: шынтақ-бүгілу рефлексінің (бицепс рефлексі) әдісін сипаттаңыз

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Жүйке ұлпасының катаболизмінің негізгі жолын түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 10 беті

7. Дәрігер науқаста сенсорлық афазия белгілерін анықтады, яғни науқас дыбыстарды естиді, бірақ сөздерді түсіну қабілетін жоғалтты. Патологиялық ошақтың қай жерде екенін анықтаңыз.

Анатомия: Мидың самай бөлігінің иірімдері мен жүлгелерін сипаттаңыз.

Физиология: Есту анализаторының құрылымдық схемасын сызыңыз

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Миелиннің құрамын келтіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

8. Науқас шүйде сүйек аймағында жабық ми жарақатымен ауруханаға жатқызылды. Тексеру кезінде: жүру мен тепе-теңдіктің бұзылуы, қолдың дірілі анықталды. Мидың қай бөлігі зақымдалған?

Анатомия: Зақымдалған құрылымды сипаттаңыз

Физиология: мишық қызметін бағалау үшін саусақ-мұрын сынамасын көрсетіңіз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Мишықтағы осы процесстердің байланысын түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

9. Науқас ми қанайналымы бұзылғаннан кейін әріптер мен сандарды жазу қабілетін жоғалтты. Патология мидың қай бөлігінде пайда болды?

Анатомия: Мидың маңдай бөлігінің жүлгелері мен иірімдерін сипаттаңыз

Физиология: Ми қыртысындағы қызметтік аймақтарын атап шығыңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз

Биохимия: Бас миының жүйке жасушаларының химиялық құрамының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

10. Сол құлағының естімей қалуына шағымданған науқасты тексеру барысында ұлулық түтіктің ішінде орналасқан спиральды ағзаның зақымдануы анықталды.

Анатомия: ұлудың құрылысын сипаттаңыз

Физиология: Корти мүшесінің жеке бөліктерінің қызметін сипаттаңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз.

Биохимия: Есту мүшесіндегі энергия алмасуының реттелінуін түсіндіріңіз

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз және берілген зерттеу әдіске пациенттің қалпын көрсетіңіз

11. Дене температурасының тұрақты төмендеуіне, көру қабілетінің нашарлауына және семіздікке шағымданған науқаста тексеру кезінде түрік ершігі аймағында ісік анықталды. Ісікпен қандай құрылым зақымдалған?

Анатомия: Гипоталамус құрылысын және топографиясын сипаттаңыз.

Физиология: Гипоталамус-гипофиз жүйесі бөліктерінің өзара әрекеттесуін схемадан көрсетіңіз

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз.

Биохимия: Гипоталамус нейропептидтерінің биологиялық рөлін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

12. Науқас иек және төменгі ерін терісінің ұюына шағымданады. Терінің сезімталдығын шаншу әдісімен анықтау кезінде науқас жанасуды немесе ауырсынуды сезбеді. Төменгі ерін терісін қандай нерв тармақтары нервтендіреді?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/19
Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар		12 беттің 11 беті

Анатомия: Үшкіл нервтің тармақтарын сипаттаңыз

Физиология: Эстеziометрия өткізу әдісін сипаттаңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз.

Биохимия: Жүйке ұлпасының липидтерінің алмасуы мен құрамының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

13. Бас сүйегінің негізінің сынуы бар науқасты тексергенде келесі белгілер анықталды: тілдің артқы үштен бір бөлігінің дәм сезгіштігі және жалпы сезімталдығы, жұтқыншақ пен жұтқыншақтың сезімталдылығының бұзылуы. Қандай нервтердің зақымдануы жоғарыда аталған белгілерді тудырды?

Анатомия: Зақымдалған нервтің тармақтарын, топографиясын және иннервация аймақтарын сипаттаңыз.

Физиология: тілдің дәм сезу картасынан ауыз қуысындағы дәм сезу аймақтарының ерекшелігін сипаттаңыз.

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, құрылымы мен қызметін сипаттаңыз.

Биохимия: Иіс сезу рецепторларының биологиялық рөлін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

14.Отит (ортаңғы құлақтың шырышты қабығының қабынуы) есту қабілетінің төмендеуімен және бас айналуымен бірге жүруі мүмкін. Бұл белгілер қабыну процесіне қай нервтің қатысуымен байланысты?

Анатомия:Кіреберіс-ұлу нервін сипаттаңыз.

Физиология: аудиометрия әдісін сипаттаңыз

Гистология: Микросуреті анықтаңыз Құрылымы мен қызметін сипаттаңыз.

Биохимия: Есту толқынының биохимиялық механизмін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

15.Науқасты инсульттан (ми тінінің өліміне әкелетін мидың қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы) кейін қарау кезінде келесі белгілер байқалды: жоғарғы қабақтың төмен түсуі, мұрын-ерін қатпарының тегістелуі, ауыздың бұрышының төмен түсуі. Дәрігер ымдау бұлшықеттерінің қызметі бұзылған деген қорытынды жасады. Ымдау бұлшықеттерін қандай нерв нервтендіреді?

Анатомия:Нервтің бас миы негізінен және бас сүйектен шығатын жерлерін сипаттаңыз.

Физиология:Соматикалық рефлекс доғасын сызыңыз, Оның бөлімдерін атаңыз

Гистология: Гистопрепаратты және оның бояуын анықтаңыз, Құрылымы мен қызметін сипаттаңыз.

Биохимия: Бас миының нерв жасушаларының химиялық құрамының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Сәулелік диагностика негіздері: Сәулелік диагностиканың тиімді әдісін таңдаңыз

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Морфофизиология кафедрасы

044-42/19

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар

12 беттің 12 беті